

Жергілікті телекоммуникациялар тораптарының қызмет көрсету ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Транспорт және коммуникациялар министрлігі 1997 жылғы 27 мамырдағы N 465 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 маусымда тіркелді. Тіркеу N 329. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Жергілікті телекоммуникациялар тораптарының қызмет көрсету ережелері

1. Ережелерде қолданылатын негізгі терминдер мен анықтаулар

1.1. Жергілікті телекоммуникациялар торабы /ЖТТ/ - бұл қалаларда және селолық елді мекендерде электр байланысын жүзеге асыруға арналған, коммутациялық жабдықтардан /станциялар, подстанциялар, концентраторлар/, желілік-кабельдік қондырғылардан /қосу желілері, каналдар/ беру жүйелерінен және абоненттік құрылғылардан /терминалдар/ тұратын техникалық құралдар жиынтығы. Елді мекендер статусына байланысты ЖТТ қалалық және селолық телекоммуникациялар тораптарына бөлінеді.

1.2. Терминал - соңғы абоненттік құрылғы /телефон аппараты, факс моделі т.б /

1.3. Пайдаланушылар - /ЖТТ/ қызметін пайдалануға сұраныс берген немесе сұраныс беруге ниет білдірген меншіктік формалары әртүрлі мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындары, олардың бірлестіктері, Қазақстан Республикасының азаматтары және басқа жеке тұлғалар.

1.4. Абонент - ЖТТ қызметін пайдалануға келісім жасасқан жеке немесе заңды тұлғалар.

1.5. ЖТТ операторы - лицензияға сәйкес ЖТТ-ны пайдаланып әртүрлі электр байланысының /телефон, факсимильдік, ЭВМ ақпарат алмасуымен бірге деректер беру қызметтерін ұсынатын қамтамасыз ететін тұлға.

1.6. ЖТТ қызметі - ЖТТ операторының абоненттерге көрсететін қызметі.

1.7. Абоненттік желі - ЖТТ бөлігі болып табылатын, абонент терминалын коммутациялық жабдықпен қосатын телекоммуникациялық желі.

1.8. Абоненттік төлем - жергілікті телефон байланысын пайдаланғаны үшін абонент төлейтін, қолданудағы тарифпен анықталатын төлем.

1.9. Абонент ашылуы /ЖТТ-ға қосылу/ - ЖТТ-ның пайдалануға берілуіне келісімнің жасалуы.

1.10. Терминал орнатылуы - терминал орнатудағы ЖТТ операторының өкілі /монтер/ орындайтын табиғи жұмыс көлемі.

1.11. Телефон станциясының әрекет ету зонасы - осы АТС-тің немесе тіректік АТС-тің бөліп шығарылған постанциясының магистральдық және тарату тораптарының кабель /әуе/ желілері орналасқан және осы жабдықтардың көмегімен телефондандырылуға болатын елді мекен бөлігі.

1.12. Абонент атын өзгерту - келісімді басқа заңды немесе жеке тұлға атына қайта ресімдеу.

2. Жалпы қағидалар

2.1. Жергілікті телекоммуникациялар тораптарының қызмет көрсету ережелері Қазақстан Республикасының қолданылудағы заңдарына сәйкес жасалынған. Ол ЖТТ қызмет көрсету аумағында ЖТТ операторларының және операторларының міндеттерін, құқығын және жауаптылығын белгілейді.

Ережелер абонеттердің сондай-ақ операторлардың мүдделерін қорғауды қарастырады және ережелердің Қазақстан Республикасының территориясында орындалуы міндетті болып табылады.

Ережелер жекелеген және арнайы байланыс тораптарында, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар тораптарына шықпайтын ішкі өндірістік және технологиялық мақсаттағы байланыс тораптарында ЖТТ қызмет көрсету процестерінде қолданылмайды.

2.2. Кез келген меншіктік формадағы дербес немесе телекоммуникациялар бірлескен кәсіпорындары құрамындағы операторлар Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі немесе басқа өкілетті орган берген лицензия негізінде ЖТТ қызметін көрсетеді.

2.3. ЖТТ қызметін көрсетуге қатысты операторлармен жасалынатын келісімдер, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша шығарылатын нұсқаулар, мен басқа да нормативтік актілер осы ережелер талаптарына негізделетін және оларға қайшы келмейтін болуы тиіс.

2.4. ЖТТ тәулік бойы жұмыс істейді.

2.5. Телефондық сөйлесулерді тыңдауға, олар туралы мәлімет алуға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіптер мен негіздер бойынша жол беріледі. Операторлар телефондық сөйлесулер құпиясын сақтауға міндетті. Бұл тәртіптің бұзылуына жол берген лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

2.6. ЖТТ барлық қызметтерін пайдалану үшін абоненттерге телефон каналының стандарттық спектрінде ақпарат беруді қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты бар терминалдар қойылады.

ЖТТ операторларының меншігі болып табылатын телефондық коммуникациялар /станциялық нөмірлер, желілік қондырғылар/ абонент

пайдалануына /жалға/ беріледі.

Терминалды абоненттер сатып алады және олар абоненттердің меншігі болып табылады, абоненттер олардың сақталуына және жұмыс істеуге қабілетті күйде ұсталуына жауап береді.

Абоненттерде орнатылған терминалдар белгілі бір жүкке, абонент желісіне есептелінген жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар торабының бөлігі болып табылады. Барлық терминалдар халықаралық электр байланысы Одағы /ХЭО/ ұсынған халықаралық стандартқа сәйкес болуы тиіс.

2.7. ЖТТ операторы жергілікті атқару органдарының келісімі бойынша әртүрлі көпшілік орындарына таксафондар орнатылады.

2.8. Абоненттерге ЖТТ қызметі Қазақстан Республикасының қолданылудағы заңдарында қарастырылған жеңілдіктер ескеріліп осы "Ережелерге" сәйкес жасалынған келісім негізінде көрсетіледі.

2.9. Кәсіпорындар телефондарының нөмірлері туралы ақпарат беру үшін ЖТТ өз құрамында анықтамалық-ақпараттық қызмет ұйымдастырады, абоненттер анықтамасын басып шығарады.

Абоненттің жазбаша сұранысына сәйкес оның нөмірі анықтамалық-ақпараттық қызметтің абоненттер тізіміне енгізілуі мүмкін.

2.10. Пайдаланушылардың жергілік телекоммуникациялар торабының қызметімен толығырақ қанағаттандыру және желілік қондырғыларды ұтымды пайдалану мақсатымен пайдаланушылардың келісімі бойынша қосарлану схемасы бойынша немесе абоненттік желіні тығыздау аппаратурасын қолдану арқылы дербес пайдалану терминалдарын қосуға жол беріледі.

Осындай мақсатпен бұрын жеке желілерге орнатылған терминалдар қосарлану схемасы бойынша немесе абоненттік желіні тығыздау аппаратурасын қолдану арқылы жұмысқа қосыла алады. Қайта қосу тек абоненттің жазбаша келісімі бойынша орындалады.

Қосарлану схемасы бойынша жұмыс істейтін терминалдарға параллель терминалдар қосуға жол берілмейді.

Терминалды қосарлану схемасы бойынша жұмысқа қайта қосқанда оның абоненттік нөмірі өзгереді.

2.11. Үлкен жүк туғызатын терминалдар /деректер беру түйіндері, телематикалық қызмет орталықтары, анықтамалық-ақпараттық, диспетчерлік, тағы басқа қызметтер/ сериялық нөмір беру арқылы автоматтық телефон станциясының /АТС/ арнайы коммутациялық жабдығына қосылады. Жұмыс орындарының санына және техникалық жобалау нормаларының талаптарына сәйкес қажетті сандағы қосу желілерін ұйымдастыру - "жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар торабына қосылу тәртібі туралы ережелерге" сәйкес ЖТТ операторымен жеке келісім жасау арқылы жүзеге асырылады.

2.12. Пайдаланушының ЖТТ қызметін пайдаланудағы талаптары оператордың техникалық мүмкіндігінен немесе оның лицензиясынан тыс болатын болса оператор ондай талаптарды орындаудан бас тартады.

ЖТТ қызметін көрсетуден оператордың бас тартуы туралы пайдаланушы себептері көрсетілген жазбаша түрде қолданылудағы заңдарда белгіленген мерзімде хабарлануы тиіс. Оператордың бас тартуына пайдаланушы сот арқылы шағым жасай алады.

3. ЖТТ операторы көрсететін қызметтер

3.1. ЖТТ операторы көрсететін қызметтер сапасы тұрғысынан қолданылудағы стандарттарға, келісім шарттарына және көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарға /жарнамаға/ сәйкес болуы тиіс.

3.2. ЖТТ операторы пайдаланушыларды көрсетілетін қызметтер туралы, өздерінің деректемелері және жұмыс тәртібі, қол таңбасын қоюға өкілетті тұлғалар туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратта;
көрсетілетін қызметтер тізімі;
ұсынылатын қызмет үшін тариф деңгейі;
қызмет көрсетудің шарттары, ережелері мен мерзімі;
техникалық қызметпен қамтамасыз ету және шағымдар қабылдау тәртіптері
к ө р с е т і л у і т и і с .

Айтылған ақпарат пайдаланушымен келісім жасалғанда оған көрнекті түрде, тегін ұсынылады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе пайдаланушыға және абонентке ыңғайлы кез келген әдіспен таратылады.

Оператор бағдарламамен басқарылатын АТС-тың болуына қарай, бірақ өзіне берілген лицензия шегінде көрсетілетін қызмет тізімін кеңейте алады.

3.3. Телефондармен сөйлесу және ақпараттарды беру үшін абонент жалпы пайдаланудағы ЖТТ-да қолдануға рұқсат етілген кез келген терминалды пайдалана алады.

4. Қызмет көрсету тәртібі мен шарттары

4.1. ЖТТ көрсететін пайдалануға келісім жасау үшін заңды тұлға телекоммуникациялар кәсіпорындарына жазбаша арыз береді.

Оның мекен-жайы, есеп айырысу шотының нөмірі және басқа деректемелері бар болған жағдайда, ал арыз беруші жеке тұлғаның көрсетілген адрессте тұратындығын растайтын құжаты немесе мекен-жайына меншіктілігін қуаттайтын басқа құжаты болған жағдайда пайдаланушылар есепке алынады.

Саяжайға терминал орнату үшін берілетін арыз қабылдану үшін пайдаланушының меншіктік құқығын қуаттайтын құжаты болуы тиіс.

Жеке пәтерде абонемент ашу үшін бір тұлғадан, ал коммунальдық пәтерде абонент ашу үшін әрбір отбасынан арыз қабылданады.

Қанағаттандырылмаған арызы бар азаматтар бір ЖТТ аумағында бір орыннан басқа орынға көшкен жағдайда олардың арыздары жаңа адреске ауыстырылып, алғашқы арыз берген датасы ескеріледі.

4.2. Пайдаланушы және ЖТТ операторы ЖТТ пайдалануға типтік келісім негізінде келісім жасайды.

ЖТТ пайдалануға берілу келісімі /абонементтің ашылуы/ абоненттік сыйымдылықтың бос нөмірі және телефон кабельдерінде бос абоненттік желі бар болған жағдайда жасалынады.

Келісім екі дана етіліп жасалып, біреуі пайдаланушыға беріледі, екіншісі ЖТТ операторында сақталады.

Келісім әрекеті:

- абонент арызына сәйкес;
- абоненттің басқа орынға көшкенде;
- абонент осы "Ережелердің" 6.1-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда ЖТТ оператордың ықпалы бойынша уақытша немесе толық тоқтатылуы мүмкін.

4.3. Қажет болған жағдайда пайдаланушы ЖТТ операторы беретін техникалық шарттар бойынша өз қаржысы есебінен желілік қондырғылар құрылысын жүзеге асырады.

4.4. Жиырмадан көп терминалдарды орнату қажет болған жағдайда заңды және жеке тұлғалар өз қаржылары есебінен офистік автоматтық телефон станцияларының құрылысын жүзеге асыра алады, ондай станциялар белгіленген тәртіпке сай жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар торабына қосылады.

4.5. Абоненттер ашуға берілген арыздар техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда мынадай реттеу қанағаттандырылады:

- медициналық мекемелер;
- милиция бөлімшелері мен өрт сөндіру бөлімдері;
- балалар мекемелері;
- басқа заңды және жеке тұлғалар.

4.6. Жеке тұлғалар арыздарын есепке алу тұрғын үйлер бойынша, ал жеке секторларда - шкафтық аудандар бойынша жүргізіледі.

Пайдаланушылар арыздары берілген телефон станциясының қызмет көрсету аудандары бойынша кезектілік тәртібімен, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кезектен тыс телефон орнатуға құқығы бар тұлғаларға берілетін басымдылық ескеріліп қанағаттандырылады.

Терминал орнату үшін бір үйде бос сыйымдылықтың жоқ болуы ондай мүмкіндігі бар басқа үйлердің тұрғындарынан кейін түскен арыздардың қанағаттандырылуына кедергі бола алмайды.

4.7. Бірнеше отбасы тұратын пәтерлерде немесе үйлерде ұжымдық пайдалану

терминалы қойылады. Ұжымдық терминалдан бір коммуналдық пәтерде тұратын басқа тұрғындар жазбаша түрде бас тартқан жағдайда ондағы бір тұрғынға дербес пайдалану терминалы қойылуы мүмкін. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда бір коммуналдық пәтерге бірнеше дербес пайдалану терминалы орнатылады.

Коммуналдық пәтер тұрғындарының бірінің арызы бойынша, тек басқа тұрғындардың жазбаша келісімдері болған жағдайда ұжымдық пайдалану терминалы қойыла алады. Мұндай жағдайда пәтеріне терминал қойылған тұрғын терминал орнату жұмыс ақысынан босатылады.

4.8. ЖТТ операторы келісім шарттарын орындау үшін талап етілетін жұмыстарды абонент осы жұмыстар ақысын төлегеннен кейін бір ай ішінде орындайды.

Телефон розеткалары абонент көрсеткен бөлмедегі бақылауға ыңғайлы орынға орнатылады. Қосымша төлем бойынша қосымша розеткалар қойылуы мүмкін.

Мұндай жағдайда пәтер /қызмет бабы бөлмесі/ ішінде терминалдарды орнату жұмыстарын кез келген шаруашылық жүргізуші субъект /абонент қалауы бойынша/ орындай алады.

4.9. Өз атына ЖТТ қызметін пайдалану абонементі ашылған заңды және жеке тұлғалар /абоненттер/ өздері келісім жасаған ЖТТ операторының қосымша келісімінсіз терминалды пайдалану құқығын басқа заңды немесе жеке тұлғаларға бере алмайды.

4.10. Абонент өзі қызметін пайдаланатын телефон станциясы қамтитын аумақта басқа орынға қоныс аударған жағдайда оның арызы бойынша мүмкіндіктің болуы қарай абоненттік нөмір жаңа адреске қайта орнатылады. Бұл жағдайда жаңа адрестегі үйде қанағаттандырылмаған арыздардың болуы, сондай-ақ ақысыз қосылатын кезектен тыс телефон орнатуға жеңілдігі бар пайдаланушының болуы кедергі бола алмайды.

Абоненттің бір қаланың немесе елді мекеннің ішінде телефоны жоқ жаңа қонысқа ауысқан кезінде техникалық мүмкіндік болған жағдайда абоненттік номерді қосу, егер бұрынғы тұрғылықты орнында абоненттік номерін операторға өткізген жағдайда, ақы алусыз жүргізіледі. Бұндай жағдайда оператордың өткізілген абонент номерін өз қалауынша пайдалануға құқы бар.

Егер абонент жаңа тұрғылықты орында электронды станцияға қосылса, бұрынғы нөмірі электр механикалық станцияға қосылған болса, онда абонент операторға қосқандығы үшін тарифтегі айырмашылықты төлейді.<*>

Ескерту: 4.10 тармақ толықтырылды - ҚР Транспорт, коммуникация және туризм министрлігі 1999 жылғы 30 маусым N 359-І, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 15 маусым N

4.11. Абонент басқа жаққа кеткен /немесе қайтыс болған/ жағдайда оның пәтеріне орнатылған дербес пайдаланудағы терминал онымен бірге тұрған отбасы мүшелерінің біріне /немесе туысқандық қатысы жоқ, бірақ абонентпен бірге тұрған басқа тұлғаға/ қайта ресімделеді немесе егер пәтер коммуналдық пәтер болса ондағы тұрғындардың біріне қайта ресімделеді.

4.12. Ерлі-зайыптылар ажырасып, олардың бірі басқа жаққа кеткен жағдайда сол пәтерде қалған бұрынғы отбасы мүшесіне арызы бойынша абонемент қайта ресімделеді.

Басқа жаққа кеткен отбасы мүшесі қамқорлығында кәмелетке жетпеген жас бала бар болған жағдайда техникалық мүмкіндікке сай терминал оның жаңа тұрғын орнына ауыстырылады.

4.13. Жеке тұлға басқа жеке тұлғадан телефондандырылған пәтерді, үйді, саяжайды өз меншігіне мұрагерлікпен немесе сатып алса, сондай-ақ заңды тұлғаға тән өндірістік ғимаратты, жайларды иеленсе ЖТТ қызметін пайдалану туралы келісім айтылған объектілердің жаңа иесімен жасалынады. Үй бойынша немесе шкафтық аудан бойынша оған дейін терминал орнату туралы арыздардың болуы, олардың ішінде төлемсіз абонемент ашуға құқықты жеңілдікті пайдаланушылардың болуы айтылған келісімді жасауға кедергі бола алмайды.

4.14. Егер абонемент жеңілдік негізінде ашылған болса және ол басқа тұрғын жайға ауысқан болса, онда абоненттік нөмір қалған отбасы мүшелеріне қайта беріледі, абонент ашу төлеміндегі айырмашылық сол кезеңдегі қолданылу бағасы бойынша төленеді.

4.15. Қайта құру нәтижесінде құрылымдық бөлімдер негізінде пайда болып, бұрынғы адресін сақтаған заңды мұрагер болып табылатын заңды тұлғалар бұрынғы абоненттік телефондар саны көлемінде ЖТТ қызметін одан әрі пайдалану үшін абонементті қайта ресімдеуге хұқықты.

Айтылған саннан артық әрбір абоненттік нөмір үшін жаңа абонемент ашылуы ретінде төлем ақы алынуы тиіс.

4.16. ЖТТ операторы қызмет көрсететін зонада телефондандырылған жайлар, үйлер алмастырылған жағдайда заңды және жеке тұлғалардың арыздарына сәйкес алмастырылуға қатысушы тұлғалар арасында келісімдер қайта ресімделеді.

4.17. Уақытша шет елдерге немесе елдің басқа аудандарына кеткен азаматтардың телефон орнату туралы арызы ЖТТ операторында есепте сақталады және жалпы негізде қарастырылады, қанағаттандырылады. Абонемент ашу келісімін ресімдеу үшін арыз иесінің өзі немесе куәландырылған сенімхаты бар ол сенім артқан тұлға келе алады. Егер келісімді ресімдеу үшін арыз иесі /немесе ол сенім артқан тұлға/ келмесе, онда арыз есепте сақталады және

техникалық мүмкіндік болғанда қанағаттандырылады.

4.18. Жаңа станциялар салуға және торапты қайта құруға байланысты телефондар нөмірлерінің өзгертілуі абоненттердің келісімінсіз тегін жүргізіледі ол туралы қайта қосылудың бастауынан кем дегенде бір ай бұрын абоненттен міндетті түрде жазбаша хабардар етіледі.

Телефондар нөмірлері жаппай қайта қосылған жағдайда ол туралы алдын ала жергілікті баспасөз, радио және телевидение арқылы хабарландыру беріледі.

Абонент тілегі бойынша телефон нөмірін ауыстыру техникалық мүмкіндік болған жағдайда тиісті төлем арқылы орындалады.

4.19. Абонент тілегі бойынша терминалды арызда көрсетілген мерзімге уақытша ажырату орындала алады. Мұндай жағдайда абонент атында абоненттік нөмір сақталады, абоненттің сақталуы үшін төлем алынады.

Сондай-ақ абонент есептен шықпастан пәтерді жалға берген жағдайда да оның арызы бойынша абоненттік нөмір терминалды пайдалану арқылы дер кезінде төлену шарты бойынша сақталады.

4.20. Табиғи апаттарда, карантиндерде және басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттік органдары ЖТТ операторына тән ЖТТ-ны басымдылықпен пайдалануға, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларда орнатылған терминалдарды уақытша ажыратуға құқықты.

4.21. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда абонементті ашу туралы ЖТТ операторы жазбаша түрде пайдаланушыны хабардар етеді. Хабарлама жіберілгеннен кейін бір ай ішінде пайдаланушы ЖТТ-ны пайдалануға келісім жасау үшін ЖТТ операторына келуі тиіс. Пайдаланушы келмеген жағдайда ЖТТ операторы екінші рет табыс етілгендігі қайта хабарланатын хабарлама жібереді. Егер екінші хабарламаны алғаннан кейін бір ай ішінде пайдаланушы ЖТТ операторына келмесе, онда ЖТТ операторы бөлінген абоненттік нөмірді өз қалауынша пайдалануға құқықты.

5. ЖТТ операторының міндеті мен құқығы

5.1. ЖТТ операторы :

- қолданылудағы стандарттарға сәйкес ЖТТ орнықты және сапалы жұмысын қамтамасыз етуге ;

- жергілікті баспасөз, радио және телевидение арқылы пайдаланушыларға жан-жақты және жергілікті түрде көрсетілетін қызмет туралы ақпараттар беруге, сондай-ақ келушілерді қабылдау орындарында, даму цехтарында /абонент бөлімдерінде/ автоматтық телефон станцияларының енгізілу және кеңейтілу мерзімдері туралы ЖТТ-ға қосылу және оны пайдалану мүмкіндіктері туралы, терминалдар орнату мүмкіндіктері туралы, сертификация негізгі талаптары мен шарттары және терминалдарды тіркеу туралы, сертификацияланған терминалдар

тізімі туралы, ЖТТ көрсететін негізгі және қосымша қызметтер туралы, телефондарды кезектен тыс орнату жеңілдіктері туралы, орнату кезегінің жылжуы туралы, өзінің жұмыс тәртібі мен деректемелері туралы хабарландырулар жасауға;

- келісімде белгіленген мерзімде қызмет көрсетуге;
- келісімде көрсетілген мерзімде қызмет көрсету процесінде орын алған кемшіліктерді жоюға;

- телефон торабындағы істен шығу туралы абоненттен мәлімет түскен жағдайда істен шығу участогын анықтауға, бұл жөнінде монтерді шақырудың қажеттілігі туралы шешім қабылдауға, ол туралы абонентті хабардар етуге міндетті. Телефон торабындағы істен шығу туралы шақырылған ЖТТ операторының өкілі абонентке өз қызмет куәлігін және жұмыс жасау жөніндегі құжатын /наряд/ көрсетуге міндетті;

Сондай-ақ ЖТТ операторы:

- телефон байланысы әрекетсіз тұрған жағдайда абоненттік төлем мөлшерін қайта есептеуге;

- абоненттер сұранысы бойынша олар сатып алған телефон аппараттарының, басқа да терминалдардың техникалық нормаларға сәйкестігін тексеруге, сосын ол аппаратураларды абонент есебінен маркалауға;

- пайдаланушылар мен абоненттерді Ережелермен таныстыруға /баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялауға, абонент бөлімінде пайдаланушылар сөресін ресімдеуге, т.б./ - міндетті.

5.2. ЖТТ операторы:

- төлем ақыны уақыт бойынша есепке алу аппаратураларының /АПУС/ негізгі талаптарына сәйкес келетін, метрологиялық қамтамасыз ету нормаларына жауап беретін міндетті мемлекеттік тексеруге жататын жергілікті сөйлесулер ақысын уақыт бойынша есепке алу жүйесін енгізуге;

- берілетін сигналдардың қуатын шектеу бойынша талаптарға сәйкес келмейтін сөйлесу құралдары емес терминалдарды ажыратып тастауға;

- бөтен тұлғалар тарапынан пайдаланылудағы телефон немесе таксафон желілеріне өз бетімен қосылған терминалдарды ажыратып тастауға;

- жабдықтар мен байланыс қондырғыларын білдіру арқылы зиян келтірген жағдайда жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңды актілеріне сәйкес талап қоюға;

- телефон байланысының әрекетсіз тұруына абонент кінәлі болған жағдайда абоненттік төлемді қайта есептемеуге;

- абонент Ережелер талаптарын орындамаған және келісім шарттарын бұзған жағдайда абонентпен ЖТТ қызметін пайдалануға жасалған келісімді уақытша тоқтатуға немесе жоюға құқықты.

6. Абоненттердің міндеттері мен құқығы

6 . 1 . А б о н е н т :

- сәйкестік сертификаты жоқ терминалдарды өз бетінше қосуға жол бермеуге;
- терминалды басқа абоненттердің тыныштығын қасақана бұзу мақсатымен п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р м е у ғ е ;
- қосарланған телефон абонентінің ЖТТ-ны қалыпты пайдалануын қиындату мақсатымен қасақана әрекеттердің жасалуына жол бермеуге;
- ЖТТ-ны пайдаланғаны үшін ақылы келісімде көрсетілген мерзімде төлеуге, қалааралық сөйлесулер үшін алынған мерзімінде есеп айырысуға, несие арқылы берілген жеделхаттар және басқа операторлар көрсеткен қызметтер үшін у а қ т ы л ы е с е п а й ы р ы с у ғ а ;
- өзінің басқа жаққа кету туралы, телефондандырылған пәтерлерін, үйлерін, саяжайларын, сондай-ақ өндірістік ғимараттарын, жайларын сататындығы туралы бір ай бұрын ЖТТ операторларына хабарлауға;
- терминалдарды, байланыс құралдарын ЖТТ операторы өкілінің көруіне, жөндеуіне және техникалық күтім көрсетуіне кедергі жасамауға;
- терминалдарды жұмыс істеуге қабілетті күйде ұстауға - міндетті.

6 . 2 . А б о н е н т :

- телефондардың сөйлесулер, кез келген әдіспен деректер беру үшін ЖТТ-ны оның мүмкіндігі шегінде пайдалануға;
- ЖТТ операторынан оның деректемелері, жұмыс тәртібі, көрсететін қызметтері туралы ақпараттар талап етуге;
- өзінің қатысуынсыз телефон байланысы үзілген жағдайда ол туралы жөндеу бюросына жазбаша мәлімдеген сәттен бастап жөнделгенге дейін ақы төлемеуге;
- арнайы қызмет орындарымен /милиция, өрттен қорғау қызметі, медициналық жедел жәрдем көрсету қызметі, авария қызметтері/ тегін телефон байланысын пайдалануға, абонементті өз отбасы мүшелерінің бірінің атына қ а й т а р е с і м д е у ғ е ;
- ЖТТ операторынан келісім шарттарында қарастырылған мөлшерде айыппұл талап етуге, ЖТТ операторы әрекеттеріне заңдарда белгіленген тәртіпке сай шағым жасауға құқықты.

7. ЖТТ көрсеткен қызметтер үшін абоненттермен есеп айырысу

7.1. ЖТТ негізгі қызметтерінің тарифтері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

7.2. ЖТТ қызметінің тарифтері тоқсанына бір реттен аспайтын жиілікпен өзгеруі мүмкін, жаңа тариф енгізілуден кем дегенде он күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы абоненттер хабарлануы тиіс.

ЖТТ қызметін төлеуге жеңілдік белгіленген жағдайда алынбаған табыс

сомасын ЖТТ операторы қолданылудағы заңдармен белгіленген тәртіп бойынша
т о л ы қ т ы р а д ы .

7.3. Жергілікті телекоммуникациялар торабына қосу және ЖТТ-ны пайдалануға беру төлем ақыларын абонент ЖТТ қызметін пайдалануға келісімді ресімдеу кезінде төлеуді. ЖТТ қызметін пайдаланғаны үшін төлем абонент терминалын ЖТТ-ға қосқан күннен бастап есептеледі.

7.4. ЖТТ-ның пайдаланудағы берілгені және ЖТТ қызметі көрсетілгені үшін есеп айырысу, қызмет көрсетілгені үшін ақы төленбеген немесе осы Ережені бұзылған жағдайда абонент әрекетін тоқтату және қайта қалпына келтіру формалары мен тәртібін келісім шарттарына сәйкес ЖТТ операторы анықтайды.

Абоненттің кінәсіз телефон байланысы бұзылған жағдайда 6.2-тармаққа сәйкес абоненттік төлем қайта есептеледі.

Абонент кінәсі бойынша терминалдың жұмыссыз тұрған уақыты үшін абоненттік төлем толығымен төленеді.

7.5. Ережелерінің 4.20-тармағына сәйкес телефондар және басқа соңғы құрылғылар ажыратылған жағдайда, ажыратылған кездегі пайдаланылғаны үшін және қайтадан қосылғаны үшін ақы төленбейді.

7.6. Телекоммуникациялардың жергілікті тораптарында телефон арқылы сөйлесу құнын уақыт бойынша есептеу енгізілген жағдайда абоненттің талабына сәйкес оператор ол сұраған кезеңдегі телефондық сөйлесулер туралы ақпарат беруге міндетті. Ондай ақпарат берілмеген жағдайда сөйлесу құны уақыт бойынша есептелмейтін абоненттік төлем мөлшерінде ақы төлейді.

7.7. Мынадай жағдайларда абонент арызы бойынша төленген ақшалар қ а й т а р ы л а д ы :

- абонент ресімделген заказды орындаудан бас тартқан жағдайда терминал орнатудағы абонементті ашу үшін орындалған төлем /егер оператор ол жұмысты орындауға кіріспеген болса/, егер жұмыс бір ай өткенде орындалмаса айыппұл с о м а с ы қ а й т а р ы л а д ы ;

- абонемент жабылған күнінен бастап абонент ЖТТ қызметін пайдаланудан бас тартқан жағдайда - ЖТТ пайдаланғаны үшін төлем ақы қайтарылады.

8. Жауапкершіліктері

8.1. Оператор ЖТТ қызметін көрсетуде өз міндетін орындамаса немесе тиісті дәрежеде орындамаса - ол оператор алдында Қазақстан Республикасы заңдарында және келісімде қарастырылған тәртіп бойынша және көрсетілгенге мөлшерде жауап береді.

ТЕЛЕГРАФ БАЙЛАНЫСЫ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

I. Жалпы қағидалар

1.1. Телеграф байланысы қызметін көрсету ережелері /бұдан әрі Ережелер деп аталады / :

- пайдаланушыларға көрсетілетін қызмет тәртібін және ол жөніндегі негізгі шарттарды, барлық телеграф байланыс торабы операторларының телеграф байланысы қызметін көрсету аумағындағы жұмыстарына қойылатын талаптарды анықтайды ;

- пайдаланушылар мен телеграф байланыс тораптары операторларының телеграф байланысы қызметін көрсету аумақтарындағы құқығын және міндетін, сондай-ақ олардың Ережелерді бұзғаны үшін жауаптылығын айқындайды;

- пайдаланушылар мен телеграф байланыс тораптары операторларының мүддесін қорғауды қарастырады .

Ережелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалынған және олардың орындалуы міндетті болып табылады.

1.2. Бұл Ережелер бөлініп шығарылған және арнайы байланыс тораптарында, сондай-ақ ішкі зоналық және технологиялық мақсаттағы байланыс тораптарында телеграф байланысы қызметін көрсетуде қолданылмайды.

1.3. Ережелерде мынадай терминдар мен түсініктер пайдаланылады:

"пайдаланушылар" - өздеріне телеграф байланысы қызметі көрсетілетін жеке және заңды тұлғалар ;

"торап операторы" - телеграф байланысы қызметін көрсетуші байланыс операторы ;

"телеграф байланысы қызметі" - телеграф байланысы қызметін көрсету аумағындағы телеграф байланыс торабы операторының іс-әрекетінің қорытындысы .

1.4. Телеграф байланысы қызметін көрсету Мемлекеттік және басқа тілдерде жүзеге асырылады .

1.5. ТМД елдерінде жеделхаттар бір тұтас технологиямен өңделетін болғандықтан телеграф байланысын жүзеге асыруда есепке алу - есеп беру уақыты ретінде Мәскеу уақыты қолданылады. Телеграф байланысы қызметінің көрсетілуі туралы пайдаланушыларды хабардар ету жергілікті уақыт бойынша жүзеге асырылады .

1.6. Телеграф байланыс торабының операторы пайдалануға қызмет көрсетуде мәдениеттілікті және Қазақстан Республикасының қолданылудағы заңдарына сәйкес телеграф хабарларының құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті .

1.7. Телеграф байланыс торабы операторының көрсететін қызметі сапасы тұрғысынан қолданылудағы техникалық нормалардың, келісім шарттарының, сондай-ақ қызмет туралы ақпараттың /жарнаманың/ талаптарына сәйкес болуы тиіс .

1.8. Тораптар қатынасы квитанциямен, бақылау - касса машинасының чегімен немесе жазба түріндегі келісіммен ресімделеді.

1.9. Телеграф байланысы торабының операторы тұтынушыларға телеграф байланысы қызметін көрсетуші кәсіпорнының жұмыс тәртібі, көрсетілетін қызметтер, өздерінің деректемесі, жеделхаттың жету уақыты, телеграф байланысы қызметін көрсету ережелері және осы қызметтердің тарифі туралы қажетті және жан-жақты ақпараттар беруге міндетті. Айтылған ақпараттар көрнекі және жеткілікті түрде көпшілікке тегін тұтынушылар тақтасы түрінде, сондай-ақ бұқаралық ақпараттар құралы немесе оларға ыңғайлы басқа әдістер арқылы жеткізіледі.

1.10. Телеграф байланысы торабы операторының жұмыс тәртібі оператор мен пайдаланушы келісінде ерекше шарт болмаған жағдайда жеткілікті атқару органдарының келісімі бойынша белгіленеді.

1.11. Телеграф байланысы қызметін көрсету процестерін тәртіпке келтіретін, бірақ пайдаланушылар құқығына қатысы болмайтын нұсқауларды сілтемелерді және басқа нормативтік актілерді Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бекітеді және олар телеграф байланысы тораптарының барлық операторлары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2. Телеграф байланысы көрсететін қызметтер

2.1. Телеграф байланысы торабының операторы мынадай телеграф байланысы қызметтерін көрсете алады:

- жеделхат;
- абоненттік телеграф қызметі;
- телеграф каналын жалға беру;
- газет алабын беру.

2.2. Оператор телеграф байланысы қызметін көрсету үшін өзіне берілген лицензияға сәйкес және пайдаланушылар сұранысын ескеріп көрсетілетін телеграф байланысы қызметінің тізімін жасайды.

2.3. Жеделхаттар өздерінің басымдылығына және өңделуіне қарай категориялар мен түрлерге бөлінеді.

2.4. Жеделхаттар мынадай категорияларға бөлінеді:

"категориядан тыс" - /"ауа", "ракета", "жұмылдыру", "ұшақ", "мина" деген ерекше белгілі жеделхаттар/;

"кезектен тыс" - /"авария", "дауыл", "авиа" деген ерекше белгілі жеделхаттар/;

" Жоғары үкіметтік " ;

" Үкіметтік " ;

" Шұғыл " ;

" Қарапайым " .

2.5. Абсолюттік басымдылық теңіздегі, жер бетіндегі, әуедегі және ғарыш

кеңістігіндегі адам өміріне қауіптілік туралы, сондай-ақ қорғаныс және құқық қорғау шараларын жүзеге асыру, ірі авариялар, апаттар, індеттер туралы хабарлайтын жеделхаттарға беріледі.

"Жоғары үкіметтік" және "Үкіметтік" категориялы жеделхаттар да басымдылық тәртіппен беріледі.

2.6. Жеделхаттар ашық /жалпы қабылданған/ немесе шартты /кодталған/ тілде жазылуы мүмкін.

Егер жазба мемлекеттік немесе басқа тілдерде жазылып, оған әріптермен және цифрлармен белгіленген зауыттық белгілер сауда белгілері мен маркалары, тек цифрлардан тұратын статистикалық немесе басқа да мәліметтер кіретін болса, онда жеделхат ашық /жалпы қабылданған/ түрде жазылған деп саналады.

Егер жазба шартты белгілер көмегімен немесе шартты мағынасы бар әдеттегі сөздермен жазылған болса, онда жеделхат шартты /кодталған/ тілде жазылған деп саналады.

2.7. Адам қасиетін мазақ етуші, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне және Мемлекеттік мүддесіне қарсы бағытталған мәтіндегі жеделхаттар қабылдауға жатпайды.

2.8. Жеделхаттар мынадай түрлерге бөлінеді:

"табыс етілгендігі хабарланатын";

"тұтынушы талап еткен мерзімде жеткізілетін";

"телефон арқылы жеткізілетін";

"АТ /Телекс немесе Факспен жеткізілетін/";

"Көркем суретті бланкпен жеткізілетін";

"Куәландырылған";

"Жауабы төленген";

"Схемалық жеделхат";

"Криптограмма және перфотаспадағы криптограмма".

2.10. "Табыс етілгендігі хабарланатын" түрдегі жеделхаттарды Қазақстан Республикасы шегіндегі телеграф байланыс тораптарының операторлары қабылдайды.

2.11. "Тұтынушы талап еткен мерзімде жеткізілетін" түрдегі жеделхаттарды телеграф байланыс тораптарының операторлары белгіленген жеткізу мерзімінен кем дегенде бір тәуліктен аз емес уақыт ішінде жөнелту үшін қабылдайды.

2.12. Телеграф байланыс торабының операторы жеделхатта хабарланатын қандай да бір шындықты, жөнелтуші қолтаңбасын немесе жеделхат көмегімен жөнелтілетін сенімхатты куәландыра алады. Пайдаланушы жеделхатпен хабарланатын шындықты растайтын ресми анықтама, куәлік немесе басқа құжат көрсетуге міндетті.

2.13. "Жауабы төленген" түрдегі жеделхаттарды Қазақстан Республикасы

шегіндегі телеграф байланысы тораптарының операторлары қабылдайды.

2.14. Т ұ т ы н у ш ы л а р :

берілген жеделхатты жөнелтілгенге дейін жоюға немесе оның адресін өзгерту жеделхат берілгеннен соңғы 6 ай ішінде оның куәландырылған көшірмесін алу;

жеделхат берілгеннен соңғы 6 ай ішінде оның адресатқа табыс етілгендігі туралы р а с т а м а а л у ;

"куәландырылған", "жауабы төленген" және "табыс етілгені хабарланатын" түрлерден басқа бұрын берілген жеделхаттарды қайталап беру;

"талап етушіге" адресімен жіберілген жеделхаттарды белгіленген табыс ету мерзімінен тыс 2 ай бойы сақтау;

жеделхатты басқа адрес бойынша қайта жөнелту немесе қайта тапсыру;

"талап етушіге адресімен жіберілген жеделхатты үйге жеткізу";

Жеделхатты почта жәшігінде және абонент шкафында қалдыру;

жеделхатты несиемен төлеу арқылы телефон бойынша беру - сияқты телеграф байланысының қосымша қызметтерін пайдалана алады.

2.15. Телеграф байланысы торабының операторлары белгіленген мерзім ішінде телеграф байланысы қызметін көрсетуге міндетті.

2.16. "Қарапайым", "шұғыл" категориялы жеделхаттардың жөнелтушіден адресатқа дейін /ТМД елдерін қоса есептегенде/ жүріп өту және жедел хаттың адресатқа табыс етілгендігі туралы хабардың жеткізілу мерзімі мынадай:

а/ қалалар арасында және қала ішінде /жергілікті/;

"қарапайым" категориялы жеделхаттар үшін - 6 сағатқа дейін;

"шұғыл" категориялы жеделхаттар үшін - 3 сағатқа дейін;

табыс етілгендігін хабарлау үшін - 24 сағатқа дейін;

б/ аудан орталықтары арасында, аудан орталықтары мен қалалар арасында:

"қарапайым" категориялы жеделхаттар үшін - 10 сағатқа дейін;

"шұғыл" категориялы жеделхаттар үшін - 5 сағатқа дейін;

табыс етілгендігін хабарлау үшін - 24 сағатқа дейін;

в/ қалалар мен басқа елді мекендер арасында:

"қарапайым" категориялы жеделхаттар үшін - 20 сағатқа дейін;

"шұғыл" категориялы жеделхаттар үшін - 10 сағатқа дейін;

табыс етілгендігін хабарлау үшін - 48 сағатқа дейін.

Жеделхаттардың жүріп өту және табыс етілгенін хабарлау уақыттарына телеграф байланыс торабы операторының жұмыс тәртібіне сәйкес жеделхатты табыс етуді және табыс етілгендігі туралы хабарлауды жүзеге асыру жұмыстары жасалынбайтын уақыттар, түнгі уақыттар және пайдаланушы жазбаша хабарлауы бойынша жеделхатты беру тоқтатылатын уақыттар кірмейді.

"шұғыл" категориялы жеделхаттар жөнелтілгеннен күнгі жергілікті уақыт бойынша 8 бен 20 сағат аралығында адресатқа табыс етілмейтіндей жағдайда

телеграф байланыс торабының операторы ол туралы пайдаланушыны ескертуге міндетті. Мұндай жағдайда жөнелтушінің келісімі бойынша жеделхатты қабылдау және бағалау "қарапайым" категориясы бойынша жүзеге асырылады.

2.17. Пайдаланушы хабар /ақпарат/ беру үшін Қазақстан Республикасының телеграф тораптарында қолдануға құқық беретін сәйкестік сертификаты бар көзделген типтегі жабдықтарды пайдалануға құқықты. Егер пайдаланушы сәйкестік сертификаты жоқ жабдықтар пайдаланатын болса, онда телеграф байланыс торабының операторы келісімді бұзуға құқықты.

2.18. Абоненттік телеграфтау телеграф байланыс торабының операторы мен пайдаланушы арасында жасалынған келісім шарттары негізінде пайдалануға беріледі.

2.19. Телеграф каналдары телеграф байланыс торабының операторы мен пайдаланушы арасындағы келісім шарттары бойынша жалға беріледі.

2.20. Басылым тиражын шығару үшін газет талаптарын байланыс каналдары бойынша орталықтанбаған газет шығару пункттеріне беру келісім негізінде орындалады.

3. Телеграф байланысы қызметін көрсету тарифтері. Есеп айырысу тәртібі

3.1. Телеграф байланысы көрсететін негізгі қызметтер тарифі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

Телеграф байланысы қызметінің қолданылудағы тарифі тоқсанда бірреттен жиі емес түрде өзгертіле алады. Ол туралы пайдаланушылар алдын ала бұқаралық ақпараттар құралы арқылы жаңа тариф енгізілерден кем дегенде он күн бұрын хабардар етіледі.

Аталған қызметтер бойынша жеңілдік пайдалануға құқығы бар тұлғаларға қызмет көрсетілгенде алынбаған табыс сомасын телеграф байланыс торабының операторы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша толықтырады.

3.2. Көрсетілген телеграф байланысы қызметі үшін есеп айырысудың тәртібі, шарты және мерзімі заңды тұлғалар үшін келісім бойынша, жеке тұлғалар үшін жарияланған келісім бойынша белгіленеді.

4. Шағым жасау

4.1. Телеграф байланысы қызметі көрсетілгенде қызмет көрсетуші жағы өз міндетін орындамаса немесе жеткілікті дәрежеде орындамаса пайдаланушы телеграф байланыс торабының операторына шағым жасай алады.

4.2. Телеграф байланыс торабының операторы шағымды тіркейді және оны заңдарда белгіленген тәртіптерге сәйкес қарастырады.

шағым жеделхатты қабылдау және табыс ету жақтарындағы телеграф байланыс тораптарының операторларына бірдей жасала алады.

4.3. Телеграф байланыс торабы операторының қызмет көрсетпегендігі, қызметті дер кезінде көрсетпегендігі немесе көрсетілген қызметтің сапасыз болғандығы туралы шағым Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мерзімде жасалынады.

4.4. Егер келісім шартында қосымша талаптар қойылмаған болса, онда телеграф байланыс торабының операторы түскен шағымды /арызды/ келіп түскен сәтінен бастап бір ай ішінде қарастырады.

4.5. Қарастырылған шағым қорытындысы туралы пайдаланушы жазбаша түрде хабардар етіледі.

4.6. Пайдаланушы қарастыру қорытындысымен келіспеген жағдайда ол мәселені шешу үшін жоғарғы орындарға шығуға немесе оны сот арқылы шешуге құқықты.

5. Жауаптылықтары

5.1. Телеграф байланыс торабының операторы қолданылудағы стандарттарға сәйкес орнықты және сапалы жұмысты қамтамасыз етуге міндетті және жеделхат мәтінін бұрмаланғаны, жеткізудегі кешіккені немесе жоғалғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылудағы заңдарына сәйкес пайдаланушы алдында мүлдіктік жауап береді.

Телеграф байланысы торабының операторы өз міндетін тиісті дәрежеде орындамауы себебінен пайдаланушыға келтірген материалдық шығынды және сот арқылы белгіленген көлемдегі моральдық шығынды өтеуге міндетті.

5.2. Көрсетілген қызметтегі кемшілікті байқаған телеграф байланыс торабының операторы пайдаланушының таңдауы бойынша:

байқалған кемшілікті төлемақысыз жояды;
көрсетілген қызмет үшін төлемақыны азайтады;
қосымша төлемақысыз көрсетілген қызметті қайталайды.

қызмет көрсетудегі орын алған кемшілік уақтылы жойылмаған немесе қызмет көрсетуде айтарлықтай кемшілік орын алған немесе келісім шартынан айтарлықтай алшақтық байқалған жағдайларда пайдаланушы келісілді /шарттық қатынастарды/ бұзуға және өзіне келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқықты. Мұндай жағдайда келісімді /шарттық қатынастарды/ бұзу пайдаланушының себептері көрсетілген жазбаша арызы негізінде орындалады. Телеграф байланыс торабының операторы телеграф байланысы қызметін көрсетуде орын алған кемшіліктерді жою мерзімін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

5.4. Телеграф байланысы қызметін көрсету мерзімі бұзылған жағдайда:

а/ пайдаланушының таңдауы бойынша;
қызмет көрсетудің жаңа мерзімі белгіленеді;

қызмет көрсету құны төмендетіледі;
шығын өтелумен қатар келісім бұзылады.
б / п а й д а л а н у ш ы ғ а :

телеграмма бойынша - мерзімнің бұзылған әрбір сағаты үшін;
басқа қызмет түрлері бойынша - мерзімнің бұзылған әрбір құны үшін -
көрсетілетін қызметтің 3 проценті көлемінде айыппұл төленеді.
пайдаланушы өндірген айыппұл көлемі оған көрсетілген қызмет құнынан
аспайтын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК